

Казкоммерцбанктің халықаралық стандарттар бойынша карточкалық төлем жүйелері қауіпсіздігінің аудиті сәтті аяқталды

2013 жылғы 30 қаңтар, Алматы, Қазақстан - Копенгаген, Дания. - Казкоммерцбанк өзінің Visa Inc., MasterCard, American Express және басқа халықаралық төлем жүйелерімен қабылданған PCI DSS v.2.0 төлем карталарының ақпараттық қауіпсіздік стандартына сәйкестігін растады.

PCI DSS (Payment Card Industry Data Security Standard) стандарты - ірі халықаралық төлем жүйелерімен құрылған, PCI SSC (Payment Card Industry Security Standards Council) төлем карточкалар индустриясының қауіпсіздігі стандарттары жөніндегі Кеңеспен белгіленген халықаралық қауіпсіздік стандарты. Стандарт төлем карталарымен операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар үшін әзірленген және карта ұстаушылардың деректерін сақтау, өңдеу және беру процесін жоғары деңгейде бақылау арқылы алаяқтық әрекеттердің алдын алуға арналған.

Казкоммерцбанкті PCI DSS v.2.0 төлем карталарының халықаралық қауіпсіздік стандартының талаптарына сәйкестігі бойынша сертификаттауға дайындық және оны өткізу осы саладағы көшбасшылардың бірі, IT-қауіпсіздігі саласындағы Дания консалтинг компаниясы -FortConsult A/S қатысуымен жүргізілді.

«Озық технологиялық үлгілерді ұсыну және банктік қызмет көрсетуде үздік халықаралық стандарттарға сай болу - біздің ең басты мақсаттарымыздың бірі», - деп түсіндіріп өтті Казкоммерцбанктің атқарушы директоры Нұрлан Жағыпаров. – «Біз ақпаратты қорғау және төлем карточкаларының қауіпсіздігі жүйесін жетілдіру жұмыстарын одан ары жалғастыра түсеміз. ҚАЗКОМ тоқсан сайын және жыл сайын өткізілетін аудиторлық тексерулерге қатысу арқылы, PCI DSS стандартына сәйкестігін ұдайы растап отырады».

Казкоммерцбанк пен FortConsult A/S мамандары PCI DSS v.2.0 стандартының талаптарына сәйкес банктің ақпараттық инфрақұрылымын жүргізу бойынша жобаны іске асыру барысында көптеген технологиялық және ұйымдық күрделі мәселелерді бірлесіп шешті. Аудитке дайындық жүргізу бірнеше кезеңдерден тұрды, дайындық барысында: стандарт талаптарына сәйкестігін алдын ала бағалау, анықталған сәйкессіздіктерді жою, PCI DSS талаптарына сәйкестігіне қорытынды аудит жүргізілді.

QSA (Qualified Security Assessor) және ASV (Approved Scanning Vendor) қызметтерін көрсету бойынша еуропа көшбасшысы болып танылған FortConsult A/S аудиторлық компаниясының методологиялық қолдауын атап өткен жөн.

«Казкоммерцбанк өз клиенттеріне көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін жетілдіруге ұмтылушы, Қазақстандағы жоғары технологиялық банктердің бірі болып саналады.

PCI DSS сертификатына ие болу ҚАЗКОМ клиенттері – банктің карточка иелерінің және процессинг орталығы қызмет көрсететін серіктес-банктер туралы деректердің ең жоғары деңгейде қорғалатынын растайды, - деп атап өтті **FortConsult A/S бас директоры Ульф Мункедал (Ulf Munkedal)**.

Жобаға жұмыс істейтін қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіпқойлығы банктің PCI DSS v.2.0 стандартына толық сәйкестігін сертификаттауды сапалы әрі белгіленген мерзімде жүргізуге және сәтті аяқтауға мүмкіндік туғызды. Осылайша ҚАЗКОМ әлемдік қауіпсіздік стандарттарына сәйкес алдыңғы қатарлы қаржы өнімдерін ұсыну арқылы өзінің Қазақстандағы қашықтықтан банктік қызметтер көрсету нарығында технологиялық көшбасшы ретіндегі негізгі стратегиясын растады.

Анықтама үшін:

Казкоммерцбанк Қазақстандағы және Орталық Азиядағы ең ірі банктердің бірі болып табылады. Банк активтері 2012 жылғы 30 қыркүйекте 2 559,2 млрд. теңгені құрады.

Банктің зейнетақымен қамтамасыз ету, зейнетақы және қаржы активтерін басқару, сақтандыру және брокерлік қызмет көрсету саласы бойынша қызметтерін жүзеге асыратын еншілес компаниялары бар. Сондай-ақ банктің Ресей Федерациясында, Тәжікстан Республикасында және Қырғыз Республикасында еншілес банктері жұмыс істейді.

Банктің ірі қатысушылары: «Орталық-Азиялық инвестициялық компания» АҚ, Н.С. Субханбердин мырза, «Alnair Capital Holding» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі.

Банктің акциялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (KASE) ресми тізіміне енгізілген. Негізгі активтері болып банк акциялары табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар (ЖДК) Лондон қор биржасының (ЛКБ) листингінде орналастырылған. Банк ТМД банктерінің қатарында бірінші болып 2006 жылғы қарашада 845 млн. АҚШ доллары сомасына Лондон Қор Биржасында ЖДК нысаны бойынша IPO аяқтады.

[FortConsult A/S](#) ақпараттық қауіпсіздік саласы бойынша консалтинг қызметтерін ұсынады. Компания 2002 жылы Данияда IT-қауіпсіздік мәселелері бойынша халықаралық сарапшы Ульф Мункедалмен құрылған. FortConsult бизнеске бағытталған қауіпсіздік тесттерін, қауіпсіздікті және спаррингті бағалауды, сондай-ақ PCI DSS халықаралық стандартын қолдану арқылы, VISA, MasterCard және басқа халықаралық төлем карталары жүйелерімен әзірленген төлем карталарының қауіпсіздігімен байланысты басқа бірқатар шешімдерді ұсынады.

FortConsult кеңесшілері IT-қауіпсіздігі бойынша түрлі сертификаттауларды өткізеді. Бүгінгі күні компания мыңдаған табысты жобаларға арқау болды, ал жылдық көлемі 300-ге жуықтады.

Байланыс үшін:

Майра Сабурова, Корпоративтік хатшы
тел.+7 (727) 258-52-21, E-mail: msaburova@kkb.kz

Лариса Коковинец, Бұзарамен байланыс департаментінің директоры
тел.: +7 (727) 258-54-56, 258-53-92, E-mail: pr@kkb.kz